

№ исх: ДС-214 от:
17.06.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 16 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары
Ә.А. Смайыловқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Тәуелсіздік алған жылдан бастап мемлекет өзінің қарулы күштеріне, әскери қызметкерлердің, арнайы жасақ пен арнайы қызмет өкілдеріне қарайласып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға мейлінше күш салып келеді.

Әскери қызмет өте маңызды әрі абыройлы іс. Жастардың арасында әскери маман болуды армандайтын азаматтар мен азаматшалардың саны жылдан жылға артып келе жатқаны да тегін емес. Саланың қаржыландырылуы, білікті кадрлар әзірлеу шарасына баса мән берілуі, келісім-шартпен қызмет істейтін кәсіби әскер жасақтасақ деген үкіметтің ниеті де қайырлы. Дей тұрғанмен, кез-келген бастама өмір қажеттілігіне сай, бұқараның өтініш-сұрауына қарай өзгеріп отыратыны да рас. Сондықтан, реті келгенде, Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты зейнеткерлердің (құтқарушы боп қызмет еткен азаматтар), кейбір құқық қорғау органдары мен Аякөз, Талдықорған, Қапшағай, Жаркент, Сарыөзек, Жетіген, Арыс, Шымкент, Гвардейск, Луговской әскери гарнизондарында қызмет еткен әскери зейнеткерлердің аманатына қиянат жасамайық деген мақсатпен жолдап отырмыз.

Істің мән-жайын пысықтап, түбегейлі шешу үшін келесі ұсыныстарымыз бар.

Алдымен, еліміздің «Тұрғын үй қарым-қатынастары», «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі» туралы заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізу қажет. «Тұрғын үй қарым-қатынастары» туралы заңға үңілер болсақ, әскерилер жұмыстан кету мерзіміне қарай үш категорияға жіктелген.

2013 жылға дейін; 2013-2018 жыл аралығы және 2018 жылдан бастап кеткендерге әртүрлі нормалар қолданылады. Біздің ойымызша, дискриминациялық градацияны, алып тастап, бәріне ортақ норма қолдану керек. Осы ретте, «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі» туралы заңының 55 бабындағы 6; 6-1; 7 тармақтарды алып тастаған жөн.

Келесі даулы мәселе, үй айырбастау нормасы. Заңның 98 бабында 2013-2018 жылдар аралығында әскери қызметтен кеткен азаматтар сотқа барғанда 101 баптың 5 тармақшасына сәйкес, меншік иесінің рұқсатын алуға міндетті боп шығады. Меншік иесі бұл жағдайда - әскери бөлімнің командирі. Ол да баспана қоры жоқ деп, рұқсатты бермейді. Сондықтан, 101-2 бабының 4 тармағын, 98 бапты алып тастап, әскери қызметтен кеткен, әлі де кететін қызметкерлерге 101-2 бабының 5, 6 тармақтарын қолданған әділді.

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі» туралы заңның 1 бабының 29 тармағында еңбек сіңірген жылдары – азаматтың әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, фельдгерлік қызметте, сондай-ақ ҚР заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қызметте болуының күнтізбелікпен де жеңілдікпен де есептеп шығарылатын ұзақтығы. Яғни, құқық қорғау органдарында қызмет еткен еңбек өтілі зейнетақы төлемі тағайындағандар кезінде ескеріледі.

Алайда, баспана төлемі тағайындағандарда бұл норма қолданылмайды. Тек қана әскери қызметте болған күнтізбелік мерзімі ғана саналады. Сондықтан әділеттік үшін баспана төлемі берілерде де азаматтардың толық еңбек өтілі ескерілуі тиіс деп есептейміз.

Келесі мәселе, 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қаза тапқан әскери қызметкерлердің бала-шағасына қарайласу мәселесі. Қаржылай компенсация мен қызметтік баспананың мұрагерлік жолмен иелену мүмкіндігінен айрылып отырған жесірлер бар. Ол норманы іске асыру үшін Заңның 101-9 бабының 2 тармағын алып тастау ұсынылады.

Мүгедек әскери зейнеткерлер мен денсаулығына байланысты әскери қызметтен кетуге мәжбүр болған азаматтардың жәй-күйі де мәз емес.

Баспана төлемін соттың бірінші инстанция шешімімен алып, кейін соттың жоғарғы инстанция шешімімен қайтадан ол ақшаларын қайтаруға мәжбүр боп жатқан азаматтар да баршылық.

Еліміз әлеуметтік мемлекет деп айтар болсақ, жоғары да айтылған азаматтардың баспана алу мүмкіндігін шектеу әлеуметтік принциптерге қайшы келер Конституциялық құқықтарын шектеу емес пе?! Салалық министрліктер - Қорғаныс министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі қордаланған проблемаларды шешу жолдарын іздеп, өз зейнеткерлерінің уәждарын қанағаттандыруға неге тырыспайды?

Әрине, айтылған проблеманы бір мезетте шешу мүмкін еместігін барлығымыз түсінеміз. Қаржы тапшылығы, ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу сияқты зор себептері бар шығар. Алайда, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» принциптерін негізге ала отырып, үкімет ҚХП-ның ұсыныстары мен әскери зейнеткерлердің айтып отырған проблемасына баса назар аударып, проблемаларын шешер деп үміттенеміз.

Құрметпен,

Қазақстанның Халық партиясы мүшелері:

**З.Ғ. Құлахметов
Ж.А. Ахметбеков
Ф.К. Каменов
А. О. Қоңыров
А.А. Милютин
А.М. Паяев
С.Н. Решетников
А.А. Сқақова
Е.В. Смайлов
И.В. Смирнова**

«Nur Otan» партиясы Фракциясының мүшесі:

Б. Смағұл

орынд. М. Айтеев
тел: 8 (7172) 746205
aiteev@parlam.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

Оглашен 16 июня 2021 года

Первому Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
А.А. Смаилову

Депутатский запрос

Уважаемый Алихан Асхановичу!

За годы независимости нашего государство уделяло очень большое внимание нашим вооруженным силам, социальной защите военнослужащих и других подразделений и специальных служб. Не секрет что сегодня наша армия – предмет гордости всех казахстанцев, а воинская служба стала почетной и престижной. Ведь не случайно среди молодых выбравших профессию военных и других служб становится все больше и больше. Ежегодно растет финансирование материального обеспечения Вооруженных сил, вносятся изменения в законодательство, уделяется внимание подготовке кадрового потенциала, который формируется в том числе и из числа военнослужащих по контракту. Но нет предела совершенствованию. Изучение действующего законодательства и обращения граждан – бывших военнослужащих Аягозского, Гвардейского, Талдыкорганского, Капшагайского, Жаркентского, Сарыозекского, Луговского, Жетигенского, Арысского, Шымкетнского военных гарнизонов, сотрудников МЧС и правоохранительных органов подтвердил, что имеются ряд вопросов требующее законодательного решения.

При выяснении причин нами обнаружены ряд вопросов, которые необходимо отрегулировать на законодательном уровне. Для решения данной задачи предлагается внесение изменений и дополнений в законы Республики Казахстан «О жилищных отношениях» и «О воинской службе и статусе военнослужащих».

Анализ норм Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» выявил разделение уволенных военнослужащих по периодам их увольнения на три категории:

- уволенные до 2013г.;
- уволенные с2013-2018гг.;

- уволенные с 2018г. и в отношении каждой категории применяются разные нормы. На наш взгляд необходимо исключить эту дискриминационную градацию и применять для всех единые нормы. В данной ситуации мы считаем применение требования обязательного 10 и 20 лет срока службы для ранее отслуживших военнослужащих является дискриминацией.

В этой связи для приведения в соответствие с указанными нормами внести изменения в Закон «О воинской службе и статусе военнослужащих» исключив пункты 6; 6-1; 7 ст. 55 указанного Закона, предусматривающее деление уволенных в запас военнослужащих по годам их увольнения с военной службы.

Другая спорная норма касающейся обмена жилья, регламентировано в ст.98 Закона и применяется в отношении лиц, уволенных в период с 2013-2018 г.г. так же показала на практике свою несостоятельность, в виду того, что при рассмотрении исков суды требуют согласие собственника на основании п.5 ст.101. Как правило собственник в лице Командира воинской части отказывает в даче согласия, ввиду отсутствия жилищного фонда. В этой связи предлагается исключить п.4 ст.101-2 и ст.98 и применять в отношении всех уволенных и увольняемых на сегодняшний день нормы п.5 и п.6 ст.101-2.

Согласно п.п.5 п. 3 ст. 77 Конституции РК и ст.43 Закона РК «О нормативно правовых актах» закон обратной силы не имеет. законы, устанавливающие или усиливающие ответственность, возлагающие новые обязанности на граждан или ухудшающие их положение, обратной силы не имеют. Также согласно пункту 1 статьи 4 Гражданского кодекса Республики Казахстан, акты гражданского законодательства не имеют обратной силы и применяются к отношениям, возникшим после введения их в действие. Из данного принципа следует то, что в отношении лиц, ранее служивших можно применить новые нормы, которые улучшают их положение, но ни как нормы, ухудшающие их положение, то есть устанавливающее для получения жилищных выплат и приватизации служебного жилища безвозмездно, требование 20-ти и 10-ти летней срока службы в календарном исчислении.

В подпункте 29) статьи 1 Закона Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих» указано, что выслуга лет - это продолжительность нахождения гражданина на воинской службе, службе в специальных государственных и правоохранительных органах, фельдъегерской службе, а также в иных случаях, предусмотренных законами Республики Казахстан, исчисляемая как в календарном, так и льготном исчислении. Т.е. служба в правоохранительном органе уже включается в выслугу лет для исчисления пенсионных выплат за выслугу лет.

Однако при назначении жилищных выплат указанный пункт не применяется, а используется понятие срока воинской службы в календарном исчислении, что является нарушением прав военнослужащих, так как в учет не берется служба в правоохранительных и других специальных государственных органах. Следовательно при расчете жилищных выплат более справедливым было бы брать за основу выслугу лет.

Законодательного решения требует и положение семей погибших (умерших) военнослужащих, необеспеченные служебным жилищем и факт гибели (смерти) которых произошел до 1 января 2018 года, исключив пункт 2 статьи 101-9 указанного

Закона препятствующего реализации такого права. Для данной категории необходимо законодательное закрепление выплаты денежной компенсации и наследования права приватизации занимаемого служебного жилища.

Следует заметить, что в таком же положении находятся бывшие военные не получившие жилье - инвалиды, люди комиссованные по состоянию здоровья, которым в первую очередь необходимо исключить требование срока службы.

Кроме того, среди бывших военнослужащих есть категории лиц, которым были удовлетворены искивые требования первой инстанцией суда и они получили свои жилищные компенсации, но по решению высшей инстанции суда эти решения были отменены и сейчас они вынуждены возвращать денежные средства в бюджет. В отношении них были применены нормы последних изменений законодательства, хотя должно было быть применено законодательство на момент их увольнения. Поэтому считаем необходимо по представлению Председателя Верховного Суда РК пересмотреть данные решения судов.

Казахстан провозглашает себя социальным государством, поэтому считаем, не решение данного вопроса нарушает Конституционное право этих лиц на жилище и идет в разрез принципам социальности нашего государства. Так же профильные ведомства должны быть заинтересованными в скорейшем разрешении данного вопроса, так как растут протестные настроения среди этих людей и назревает со стороны бывших военнослужащих выставление требования о неисполнении договорных обязательств, взятых при заключении с ними контрактов. Поэтому МЧС в первую очередь несет ответственность за социальную защиту своих бывших военнослужащих и поэтому считаем необходимо обязать данное ведомство в решении данного вопроса изыскать пути их регулирования.

У депутатского корпуса есть понимание что клубок нерешенных проблем копившееся годами не может быть решенным в одночасье не только из-за недостаточности или отсутствия финансирования, но и из-за организационных мер и законодательного регулирования. Мы верим, что Правительство руководствуясь принципу «Слышащего государства» внемлет нашим рекомендациям исходящее от чаяния людей и целенаправленно их будет решать.

С уважением, члены фракции

«Народная партия Казахстана»:

Г.З. Кулахметов

Ж.А. Ахметбеков

Ф.К. Каменов

А.О. Конуров

А.А. Милютин

А.М. Паяев

С.Н. Решетников

А.А. Скакова

Е.В. Смайлов

И.В. Смирнова

член фракции партии «Nur Otan»

Б. Смағұл

исп. М. Айтеев
тел: 8 (7172) 746348
aiteev@parlam.kz